



Бекітемін
ҚР БҒМ ҒК «Р.Б. Сүлейменов атындағы
Шығыстану институты» РМҚК директоры
Д. Мәсімханұлы
2020 ж. « 7 » *қаған*

**Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ғылым комитеті «Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты»
Республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының
СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ СТАНДАРТЫ**

I. Жалпы қағидалар

1. ҚР БҒМ ҒК «Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты» РМҚК (әрі қарай – Институт) осы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарына сәйкес әзірленген.

2. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың мақсаты – сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу, Институт қызметінде сыбайлас жемқорлықтың білінуіне нөлдік төзімділікті қалыптастыру болып табылады.

3. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың міндеттері:

1) қызметтік міндеттерін жүзеге асыру кезінде Институт қызметкерлердің сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты мінез-құлқын қалыптастыру;

2) сыбайлас жемқорлық көріністерін дер кезінде айқындап, олардың жағымсыз салдарының алдын алу.

3) Институт қызметінің тиімділігін арттыру.

4. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың негізіне Институт қызметкерлерінің лауазымдық міндеттерін орындау кезіндегі жүріс-тұрыс (іс-қимыл) қағидасы төмендегілер кезінде сыбайлас жемқорлықтың көрінуін болдырмау мақсатында енгізілген:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартында сөз болған салалардағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру;

2) өз күзіреті шегінде басқарушылық және басқа да шешімдерді даярлау және қабылдау;

3) Институт қажеттіліктері үшін мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру;

4) Институтта кадрлық жұмыстарды ұйымдастыру;

5) Институт қызметінде туындайтын басқа да қарым-қатынастар.

5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты қолдану және орындау:

1) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарт Институт қызметіндегі жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін мен қызметтерін іске асыру кезінде қолданылады.

2) Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты Институт қызметкерлері орындауы міндетті.

6. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартты жасаған – ҚР БҒМ ҒК «Р.Б. Сүлейменов атындағы Шығыстану институты» РМҚК жанындағы Әдеп және сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне қарсы іс-қимыл жөніндегі Уәкіл.

II. Сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеу мақсатында, қызметтік міндеттерін орындау бойынша Институт қызметкерлерінің мінез-құлық (іс-қимыл) қағидалары

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандартта қозғалған салалардағы жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыру барысында, Институт қызметкерлері төмендегілерге міндетті:

1) Конституция және Қазақстан Республикасы заңдарын, Президент, Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерін, басқа да нормативтік-құқықтық актілер, мемлекеттік мүлік бойынша өкілетті орган және саланың өкілетті органының шешімдерін, Институт директорының бұйрықтары, сондай-ақ, Институт жарғысын басшылыққа алуға;

2) Қазақстан халқының бірлігі мен елдегі ұлтаралық татулықты нығайтуға, мемлекеттік тіл және басқа тілдерге, Қазақстан халқының салт-дәстүрлеріне құрметпен қарауға;

3) жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделері қозғалатын шешімдерді қабылдаудың ашықтығын қамтамасыздандыруға;

4) іс-әрекеті және мінез-құлқымен жұртшылық тарапынан мінеуге желеу болмау, сын үшін қудалауға жол бермеу, кемшіліктерді жою мен қызметін жақсарту үшін сындарлы сынды қолдануға;

5) жеке басының қамы сипатындағы мәселелерді шешу кезінде, ұйымдар мен басқа да адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызмет бабын пайдаланбау;

6) шындыққа сәйкес емес мәліметтерді таратуға;

7) заңда тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілік қарастырылған теріс қылықтар мен өзге де құқық бұзушылыққа жол бермеуге;

8) Институтта еңбек заңнамасының орындалуын, еңбек режимі мен оның талаптарын сақтауды қамтамасыз ету.

2. Өз құзіреті шегінде басқарушылық және басқа да шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде, Институт қызметкерлері мыналарға міндетті:

1) мүдделер қақтығысының, қызметтік міндеттерін орындау кезінде жеке мүддесін көздеу, сыбайлас жемқорлық қылыққа және сыйлық алуға көндіру туралы тікелей немесе жоғары тұрған басшыға баяндауға;

2) жеке басының қамы сипатындағы мәселелерді шешу кезінде, ұйымдар және басқа да адамдардың қызметіне ықпал жасау мақсатында қызмет бабын пайдаланбауға;

3) әріптестерге, басшыларға және басқа да лауазымды адамдарға сыйлық жасамау, лауазымдық өкілеттіктерді пайдалана отырып, мүліктік пайда, игіліктер, не болмаса артықшылықтарға ие болу мақсатындағы қызметтік емес қызметтер көрсетпеуге;

4) сыбайлас жемқорлыққа қарсы әрекетте, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жария етуде белсенділік танытуға;

5) өздеріне белгілі болған сыбайлас жемқорлық фактілері, сондай-ақ, материалдарды жеделдетіп қарағаны үшін пайда иемденуге итермелегені немесе қағазбастылыққа ұрындыру туралы басшылыққа баяндауға;

6) орындауға алынған өкімнің заңдылығына күмән жайлы тікелей басшыға жазбаша түрде хабарлауға;

7) егер, тікелей басшысының өзі мүдделер қақтығысына тартылған жағдайда, жоғары тұрған басшыға жүгінуге;

8) пайда табуға байланысты кәсіпкерлік және басқа да қызметтерді жүзеге асыру үшін біреуге көмектесуден бас тартуға;

9) мүліктік және мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында таратуға жатпайтын қызметтік және басқа да ақпаратты пайдаланбауға.

3. Институт қажеттіліктері үшін мемлекеттік сатып алу кезінде, Институт қызметкерлері төмендегілерге міндетті:

1) мемлекеттік сатып алуға пайдаланылатын қаражатты оңтайлы және тиімді пайдалануға;

2) заңда қарастырылған жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік сатып алу рәсіміне қатысу үшін ықтимал жеткізушілерге тең мүмкіндіктер беруге;

3) мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен айқындығын қамсыздандыруға;

4) сыбайлас жемқорлық көріністеріне жол бермеуге;

4. Институттағы кадрлық жұмысты ұйымдастыру кезінде, Институт қызметкерлері міндетті:

1) Институтқа жұмысқа қабылдау кезінде, қызметкерлерге артылатын негізгі міндеттерді, салынатын тыйымдар мен шектеулерді ұғындыруға;

2) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын сақтауға;

3) Институт қызметкерлерінің дербес деректері туралы мәліметтерді негізсіз беруге жол бермеуге;

4) жұмысқа үміткерлерден еңбек шартын жасасуға қатысы жоқ құжаттарды талап етпеуге;

5) Институт қызметкерлеріне қатысты қызметтік тексеруді объективті және жан-жақты жүргізуге.

5. Институт қызметінде туындайтын басқа да қарым-қатынастар кезінде Институт қызметкерлері мыналарға міндетті:

1) қарамағындағы қызметкерлердің қызметтік міндеттері мен өкілеттіктер көлемін нақты және анық белгілеуге;

2) бағыныстағы қызметкерлер арасында еңбек жүктемесін әркелкі етіп бөлуге жол бермеуге;

3) олардың қызметінің нәтижелеріне баға беру, сондай-ақ, ынталандыру мен жазалау шараларын қолдану кезінде, әділдік пен объективтілік танытуға;

4) орындалмауы анық, болмаса олардың қызмет міндеттері аясынан тыс, сондай-ақ, заңнамаға қайшы келетін өкім бермеуге;

5) қызметтен тыс сипаттағы мәселелерді шешу барысында, бағыныстағы адамдардың қызметіне ықпал ету үшін қызмет бабын қолданбауға;

6) қарамағындағы қызметкерлерді сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарға баруға мәжбүрлемеуге;

7) қызмет міндеттерін орындау барысында әріптестер арасында туындаған мүдделер қақтығысын реттейтін жан-жақты іс-шараларды уақтылы қабылдауға;

8) Институт мүлкінің сақталуын қамтамасыз ету, автокөлік құралдарын қоса алғанда, Институт мүлкін қызметтік мақсатта ұтымды және тиімді пайдалану.

III. Жауапкершілік

Институт қызметкерлері Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттың орындалмағаны немесе тиісті түрде орындалмағаны үшін, Қазақстан Республикасы заңнамасына сәйкес жауапкершілік көтереді.